



АТҚАРУ КОМИТЕТІ

ИСПОЛНИТЕЛЬНЫЙ КОМИТЕТ

ҚАУЛЫ

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

04.11.2025 ж.

№ 7, 1-т.

«Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағының Шымкент қалалық ұйымы» ҚБ қоғамдық бақылау тиімділігін арттыру және қызметкерлерді құқықтық қорғау жөніндегі жұмысы туралы.

Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіподағы Орталық комитеті аппаратының құқықтық жұмыстары бөлімінің басшысы Р.М. Қыдырбаеваның «Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағының Шымкент қалалық ұйымы» ҚБ қоғамдық бақылау тиімділігін арттыру және қызметкерлерді құқықтық қорғау жөніндегі жұмысы туралы» ақпаратын тыңдап және талқылап, Қазақстандық салалық білім, ғылым және жоғары білім қызметкерлері кәсіподағының Атқару комитеті мынаны атап өтеді:

«Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіподағы Шымкент қалалық ұйымы» ҚБ 2025 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 95 бастауыш кәсіподақ ұйымын біріктіреді, олардың құрамында 14 149 кәсіподақ мүшесі бар, оның ішінде жұмыс істейтіндер – 11 165 адам.

Кәсіподақ органдары жұмысының басым бағыттары – құқықтық қорғау, кәсіподақ мүшелерінің құқықтары мен заңды мүдделерінің сақталуына қоғамдық бақылауды күшейту мәселелері болып табылады.

Осы мақсаттар мен міндеттерді іске асыру үшін қалалық кәсіподақ комитеті белгілі бір жұмыстарды жүргізуде. Қалалық комитет аппаратының

штаттық кестесінде құқықтық жұмыс жөніндегі бас маман бірлігі қарастырылған.

Құқықтық жұмыс жоспарлы негізде жүргізіледі.

Құқық қорғау жұмысында қалалық комитет тиісті нормативтік құқықтық актілерді, Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлері салалық кәсіподағының құқықтық актілерін басшылыққа алады.

Тексерулер жұмыс берушілердің еңбек заңнамасының орындалуына, келісімдер мен ұжымдық шарттардың талаптарының орындалуына қоғамдық бақылау жоспарына сәйкес жүргізіледі.

Қоғамдық бақылаудың тиімділігін және онымен қамту үлесін арттыру мақсатында қалалық кәсіподақ комитеті 9 адамнан тұратын қоғамдық бақылауды жүзеге асыру жөніндегі жұмыс тобын құрды. Қоғамдық бақылау жөніндегі іс-шараларды есепке алу журналы жүргізіледі.

Қалалық комитет кәсіподақ мүшелеріне білікті құқықтық көмек көрсетеді. Қарастырылып отырған кезеңде кәсіподақ мүшелерінен барлығы 58 өтініш қаралды. 337 кәсіподақ мүшесіне құқықтық көмек көрсетілді. 40 білім беру ұйымында қоғамдық бақылау жүргізілді. Анықталған бұзушылықтар саны – 90.

Құқықтық оқытуда кәсіподақ активі дәстүрлі оқыту формаларымен қатар, заманауи цифрлық технологияларды пайдаланады. Кәсіподақ мүшелерін әлеуметтік желілер арқылы консультациялық материалдармен қамтамасыз ету мүмкіндіктері кеңейтілді.

Кәсіподақ активіне арналған семинарлар, форумдар, кеңестер, басқа да оқыту сипатындағы іс-шаралар педагогикалық университеттен, Шымкент қаласының әлеуметтік қорғау департаментінен, кәсіподақтардың аумақтық ұйымынан кәсіби дәріс оқушыларды шақырумен өткізіледі.

Кәсіподақтың Орталық комитетінің қолдауымен келісу комиссияларының мүшелерін оқыту бойынша сертификаттар табысталатын семинарлар өткізілді. Кәсіподақ мүшелері мен бастауыш кәсіподақ ұйымдарының төрағаларының тікелей Орталық комитет ұйымдастырған республикалық оқу іс-шараларына қатысуы кеңінен қолданылады.

Қоғамдық бақылау еңбек заңнамасының түрлі бұзушылықтарын анықтайды. Барлығы 33 жағдай анықталды, оның ішінде еңбекақы төлеу бөлігінде – 11, жұмыстан босату бойынша – 3, еңбек қатынастарын ресімдеу бойынша – 2, атқарып отырған лауазымынан босату бойынша – 2, еңбек шарттарын ресімдеу бойынша – 2, еңбек демалысы ақысын кешіктіргені үшін – 5, сауықтыру жәрдемақысын төлемегені үшін – 5, декреттік демалыстан кейін әйелдерді жұмысқа қабылдау бойынша – 1, декреттік демалыстан оралғаннан кейін оқу жүктемесін бөлу бойынша – 2.

Құқықтық қызметтің жәрдемімен заңсыз жұмыстан шығарылған 7 қызметкер жұмысына **қайта орналастырылды.**

Құқықтық жұмыс мәселелері Шымкент қалалық ұйымының Атқару комитетінің отырыстарында және кәсіподақ активінің кеңестерінде тыңдалады. Бастауыш кәсіподақ ұйымдарындағы құқықтық жұмысқа мониторинг жүргізіледі, орын алған бұзушылықтар туралы мәліметтер жиналады, қарсы тексерулер, Шымкент қаласының білім басқармасымен бірлескен тексерулер жүргізіледі. Тексерулердің нәтижелері бойынша қызметкерлердің бұзылған құқықтарын қалпына келтіру жөнінде ұсыныстар енгізіледі, педагогикалық ұжымдардағы психологиялық ахуалға кері әсер ететін әрекеттердің жолы кесіледі.

Көптеген мәселелер келіссөздер арқылы шешілді, олардың нәтижесінде консенсусқа қол жеткізіледі.

Бастауыш ұйымдарда жұмысшыларды кәсіподақ мүшелігімен барынша қамту мақсатында кәсіподақ көшбасшыларының еңбек ұжымдарымен «бетпе-бет» кездесулері үнемі өткізіледі.

Кәсіподақ еңбек жанжалдарын реттеуге белсенді түрде араласады – консультация беру, келісу комиссияларына қатысу, *e-Otinish* платформасы арқылы жұмыс істеу жүргізіледі, бұл қызметкерлердің құқықтарын бұзушылықтарға жедел ден қоюды қамтамасыз етеді.

Құқықтық сауаттылыққа және құқықтық насихатқа назар аударылды: дәрістер өткізілді, құқықтық ақпараттық материалдар шығарылды, прокуратура органдарымен және соттармен өзара іс-қимыл жолға қойылды.

Уақытылы құқықтық қолдау, жанжалдарды сәтті реттеу, құқықтық сауаттылықты дамыту және нормативтік базаны нығайту жөніндегі жұмыс білім беру қызметкерлерінің құқықтарын одан әрі қорғау үшін берік негіз қалайды.

Шымкент қалалық ұйымының қызметінде оң жұмыстармен қатар, кейбір кемшіліктер де бар:

1. Білім беру ұйымдарында қоғамдық бақылау жүргізу жоспары белгіленген талаптарға сәйкес келмейді, жоспарлауды Жұмыс берушілердің еңбек заңнамасының орындалуына, келісімдер мен ұжымдық шарттардың талаптарының орындалуына қоғамдық бақылауды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес пысықтау қажет. (Жоспарлар тоқсан сайын, ал қажет болған жағдайда ай сайын әзірленеді);

2. Білім беру ұйымдарын қоғамдық бақылаумен қамту пайызы төмен күйінде қалып отыр;

3. Нұсқаулықта белгіленген қоғамдық бақылауды жүргізу тәртібі бойынша кемшіліктер орын алуда.

Кәсіподақтың Атқару комитеті **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Кәсіподақ Орталық комитеті аппаратының құқықтық бөлімінің басшысы Р.М. Қыдырбаеваның «Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағының Шымкент қалалық ұйымы» ҚБ қоғамдық

бақылау тиімділігін арттыру және қызметкерлерді құқықтық қорғау жөніндегі жұмысы туралы» ақпараты назарға алынсын.

2. «Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағының Шымкент қалалық ұйымы» ҚБ төрағасы Л.В. Тургинбаеваға жұмыс берушілердің еңбек заңнамасын орындауына, келісімдер мен ұжымдық шарттардың талаптарын орындауына мүше кәсіподақ ұйымдарындағы қоғамдық бақылау жүйесін келесі бағыттар бойынша жетілдіру ұсынылсын:

2.1. Жұмыс берушілердің еңбек заңнамасын, әлеуметтік әріптестік актілерінің талаптарын орындауына қоғамдық бақылаумен қамтылған ұйымдар санын ұлғайту жөнінде шаралар қабылдау.

2.2. Нұсқаулыққа сәйкес тақырыптық және кешенді қағидаттар бойынша неғұрлым нақты шекараны ажырату есебінен қоғамдық бақылауды жоспарлауды күшейту.

2.3. Қоғамдық бақылау шеңберіндегі тексерулер бойынша жұмыс тобының құрамына бейінді дайындығы бар қатысушыларды (мысалы, тарих және құқық пәндерінің мұғалімдерін, әлеуметтік пәндер кафедраларының оқытушыларын) қосу мүмкіндігін қарастыру.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Кәсіподақ төрағасының орынбасары В.Ф. Беженаровқа жүктелсін.

Төраға



А. Мұқашева